

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі  
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық  
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жанарту және броньнан  
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы  
Янушкевич көшесі, 2

20.07.2017 ж.  
сағ.: 11:00

**Тендерлік комиссия құрамы:** С.К. Сабырбаева - Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасы.

**комиссия мүшелері:** Б. Ә. Орынбеков - ММРК төрағасы орынбасарының м.а., тендерлік комиссия төрағасының орынбасары, Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, М.С. Шәкірбаев - ММРК Заң басқармасының басшысы, Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Е.С. Рахматулла - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, М. Ж. Ажигулова – ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, Д. Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: А. И. Әліпбай - ММРК «Резерв» РМК Бас директордың м.а.- іссапарда, 2017 жылғы 19 шілдедегі № 20-і бұйрық).

**Күн тәртібі:**

1. Мемлекеттік резервтен материалдық құндылықтарды шығару бойынша келіп түскен тендерге қатысу өтінімін қарастыру.

р/с №	Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
1	«Дулат KZ» ЖШС	1	Астана қ., Лепсі көшесі 67	19.07.2017	17:31

2. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №581-741, №771-800, 806-1094, №1095-1354 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жанарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41.42 тармақтарына сәйкес кезең-кезенімен 10 %-ға төмендету.

Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жанарту және броньнан шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссиясының хатшысы

1. Тендер 2017 жылғы 13 шілдедегі мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарын шығару жөніндегі тендерлік комиссия отырысының хаттамасымен бекітілген 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіне сәйкес өткізілді.

Соңғы мерзім өткеннен кейін келіп түскен және ашылмаған тендерге қатысу өтінімдері **жоқ**.

ММРК-нің [www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz) сайтында орналастырылған Қазақстан Республикасының мемлекеттік резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша тендерге қатысу өтінімі келесі тұлғадан тендерге қатысу өтінімдердің соңғы тапсыру мерзіміне дейін келіп түсті:

Үміткер атауы	Конверттер саны	Үміткер мекенжайы	Тіркеу күні	Тіркеу уақыты
«Дулат KZ» ЖШС	1	Астана қ., Лепсі көшесі 67	19.07.2017	17:31
Конверттер саны	1			

Конверт ашылғаннан кейін тендерлік комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 13-тармағына сәйкес тендерлік өтінімді қарастырды.

«Дулат KZ» ЖШС (№488 лот) тендерге қатысу өтінімі тігілген, мөрленген, 12 бетті қамтиды және нөмерленген:

- 1) Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тендерлік өтінім;
- 2) жарғының нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 3) заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі туралы анықтамасының;
- 4) «Дулат KZ» ЖШС директорының тағайындалуы туралы бұйрықтың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) жалғыз құрылтайшысы шешімінің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 6) 11.07.2017 жылғы №120-06/29275 «Цесна Банк» АҚ филалынан берешектің жоқтығы туралы анықтама;
- 7) 18.07.2017 жылғы № 79 төлем тапсырмасы.

Тендер комиссиясы қағидалардың 36-тармағына сәйкес тендерге қатысу өтінімін ашық түрде дауыс беру жолымен қарастырып, № 488 лот бойынша өтінім бағасы **4 700 000 (төрт миллион жеті жүз мың) теңге 00 тиынмен** «Дулат KZ» ЖШС тендер жеңімпазы ретінде анықтау туралы **ШЕШІМ** қабылдады.

Осы шешімге:

*Мамыт Мұрағи* *Бүбүлді* *Аманжол* *С. С. С.* *А. А.*



тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;  
тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын».

2. №581-741, №771-800, №771-800, №806-1094, №1095-1354 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасын Қағидалардың 41,42-тармақтарына сәйкес 10 %-ға төмендетілсін:

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 7 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2017 жылғы 20 шілдедегі өзгерістерді есепке ала отырып, 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының Ғаламтор-ресурсында ([www.kgmr.gov.kz](http://www.kgmr.gov.kz)) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2017 жылғы 20 маусымдағы сағат 11.17-де жабылды деп есептелсін.

Қосымша: 2017 жылғы 20 маусымдағы өзгерістер есебімен 2017 жылғы жаңарту және броньнан шығару тәртібімен шығарылатын мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, 42 бетте.


**Комиссия төрағасы:**

Сабырбаева С.К. .




**Комиссия мүшелері:**


Орынбеков Б. Ә.




Ахметов Б.Қ.




Шәкірбаев М.С.




Рахматулла Е.С.



Иманбаев Н.М.



Ажигулова М. Ж.



**Комиссия хатшысы:**

Абуева Д.Е.

